



ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ

«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы»
акционерлік қоғамы Басқармасының
2024 жылғы 16 шілдегі № 59
шешімімен БЕКІТІЛДІ

**«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының
Стейкхолдер картасы**

Астана қ.

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. ӘСЕР ЕТУДІҢ САЛАСЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ	4
3. МҮДДЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ СТРАТЕГИЯСЫН ТҰЖЫРЫМДАУ	5
№ 1 қосымша Компанияның стейкхолдер картасы	7
№ 2 қосымша Компания мүддесіне стейкхолдерлердің әсері	8
№ 3 қосымша Стейкхолдерлердің қызығушылығы мен өзара әрекеттесу кестесі	9

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Стейкхолдер картасы (бұдан әрі – Стейкхолдер картасы) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына, «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне және «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Тұрақты даму саясатына сәйкес әзірленді.

2. Стейкхолдер картасы мүдделі тараптардың тізбесін және олардың ықпал ету дәрежесін айқындау мақсатында әзірленген.

3. Стейкхолдер картасы стейкхолдерлердің әрқайсысымен жұмыс істеудің адекватты стратегиясын айқындау үшін «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Компания) ортасы туралы ақпаратты жүйелеуге және визуализациялауға арналған. Стейкхолдерлерді анықтау және олармен жұмыс істеу-бұл бизнестің іскерлік беделін арттыруға, Компанияның капиталдандырылуына, барлық мүдделі тұлғалармен тиімді және теңдестірілген қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі.

4. Стейкхолдер картасы - Компанияның мүдделі тараптарының жағдайын нақтылауға арналған сурет немесе мүдделі тараптар топтарының графикалық көрінісі (№1 қосымша).

5. Стейкхолдер картасында келесі терминдер мен ұғымдар қолданылады:

Жалғыз акционер	- Компания акцияларының пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы;
Басқару органы	- Компанияның Директорлар кеңесі;
Атқарушы орган	- Компания Басқармасы;
Қызметкерлер	- Қаржы-шаруашылық қызмет мақсаттары мен бизнес-процестермен біріктірілген Компания қызметкерлерінің жалпы құрамы;
Клиенттер, тұтынушылар	- Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Компанияның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғалар;
Жеткізушілер	- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар (егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), онымен жасалған сатып алу туралы шартта Компанияның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктері (консорциумдар);
Инвесторлар	- Компанияның инвестициялық жобаларына меншікті қарыз немесе өзге де тартылған қаражатты салатын инвестицияларды жүзеге асыратын заңды және/немесе жеке тұлғалар;
Компания Серіктестері	- өзара тиімді ынтымақтастыққа қатысушылар болып табылатын заңды тұлғалар (олардың бірлестіктері), оның ішінде стратегиялық әріптестер;
Бәсекелестер	- мүдделері мен мақсаттары қызмет саласында, Компанияның мүдделері мен мақсаттарында бірдей қызмет саласы бар заңды немесе жеке тұлғалар;
Халық	- Компания қатысатын өңірлерде тұратын адамдар жиынтығы;

Қоғамдық ұйымдар	- қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар және басқалар;
Бұқаралық ақпарат құралдары	- мерзімді баспа басылымы, теле -, радиоарна, кинодокументалистика, аудиовизуалды жазба және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың өзге де нысаны;
Стейкхолдерлер	- Компания қабылдайтын шешімдерге елеулі әсер ететін немесе сол шешімдердің ықпалына түсетін адамдар, топтар немесе ұйымдар (мысалы, Компания қызметкерлері, клиенттер, контрагенттер және т. б.);
Қаржы институттары	- қаржы-кредит жүйесіне қатысатын ұйымдар (мемлекеттік мекемелер, банктер, сақтандыру Компаниялары, инвестициялық қорлар, зейнетақы қорлары және т. б.);
Аудиторлар	- аудиторлық тексерулерді жүзеге асыратын және операциялық қызметтің аудитке ілеспе қызметтерін көрсететін коммерциялық ұйымдар;
Консалтингтік компаниялар	- қаржылық, заңгерлік, технологиялық және өзге де сараптамалық қызмет саласындағы мәселелер бойынша қызметтер көрсететін заңды тұлғалар;
Сарапшылар мен талдаушылар	-бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарында жарияланатын арнайы білімге немесе ақпаратқа ие жеке немесе заңды тұлғалар: бизнес-қауымдастықтар, бизнес-блогерлер, пікір көшбасшылары, зерттеу орталықтары және т. б.

2. ӘСЕР ЕТУДІҢ САЛАСЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ

6. Стейкхолдерлерді анықтау және олармен жұмыс істеу бизнестің іскерлік беделін арттыруға, компанияның капиталдандырылуына, барлық мүдделі тұлғалармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылады.

7. Компания Компанияға әсер ету түріне байланысты стейкхолдерлердің үш тобын ажыратады: өкілеттік/жауапкершілік аймағы, тікелей әсер ету аймағы, жанама әсер ету аймағы.

8. Өкілеттік/жауапкершілік саласы:

- 1) Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы;
- 3) атқарушы орган;
- 4) қызметкерлер.

9. Тікелей әсер ету аймағы:

- 1) мемлекеттік органдар;
- 2) жергілікті атқарушы органдар;
- 3) қаржы институттары;
- 4) серіктестер;
- 5) инвесторлар;
- 6) клиенттер, тұтынушылар;
- 7) жеткізушілер;
- 8) консалтингтік ұйымдар;
- 9) аудиторлар.

10. Жанама әсер ету аймағы

- 1) халық;

- 2) қоғамдық бірлестіктер;
 - 3) бұқаралық ақпарат құралдары;
 - 4) сарапшылар мен талдаушылар;
 - 5) бәсекелестер.
11. Стейкхолдер картасы мүдделі тараптарды сәйкестендіруге мүмкіндік береді.
12. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесудің негізгі формалары:
- 1) сауалнамалар; фокус-топтар; мүдделі тараптармен кездесулер; көпшілік кездесулер; семинарлар; байланыс құралдары арқылы кері байланыс беру; консультативтік кеңестер;
 - 2) әлеуметтік әріптестік қағидаттарына негізделген ұжымдық келіссөздер;
 - 3) көпжақты форумдар; консультациялық панельдер; консенсусқа қол жеткізу процесі; бірлескен шешім қабылдау процесі; фокус-топтар; кері байланыс беру схемалары;
 - 4) бірлескен жобалар; серіктестік; мүдделі тараптардың бірлескен бастамалары;
 - 5) мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерін басқаруға, стратегияға және операциялық қызметке интеграциялау.
13. Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу, заң шығару, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл.
14. Стейкхолдерлердің Компанияға әсер етуінің маңыздылығы екі x/y шкаласы бойынша бағаланады, мұнда:
- $x = -5: + 5$, 1-қадаммен (немесе кішірек) Компанияның стейкхолдерлерінің қолдау/қарсылық дәрежесін сипаттайды (-5 - қарсылықтың соңғы дәрежесі, +5-қолдаудың ең жоғары дәрежесі),
- $y = 0: 5$ 1-қадаммен (немесе кішірек) стейкхолдердің Компанияға әсер ету күшін сипаттайды.

3. МҮДДЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ СТРАТЕГИЯСЫН ӨЗІРЛЕУ

15. Стейкхолдер картасын құру барысында алынған ақпарат стейкхолдерлердің Компания мүддесіне әсері туралы таблицада (№2 қосымша) және стейкхолдерлердің мүдделері мен өзара әрекеттесу кестесінде (№3 қосымша) берілген.
16. Алынған стейкхолдердің қолдау/қарсылық дәрежесін бағалау, оның Компанияға әсер ету дәрежесін бағалау, сондай-ақ стейкхолдердің маңыздылық дәрежесі негізінде осы стейкхолдермен өзара әрекеттесу стратегиясы жасалады.
17. Стейкхолдерлермен тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді:
- өзара іс-қимылдың тиімді тетіктерін құру, проблемаларды шешу және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды (білім, адами және қаржылық ресурстар мен технологиялар) біріктіру;
 - сыртқы ортаны, оның ішінде нарықтардың дамуын бағалау, сондай-ақ жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді анықтау;
 - бизнес-процестерді жетілдіру;
 - қызметтің ашықтығы мен айқындығы саясатын жүргізу.
18. Стейкхолдердің маңыздылық параметрі келесі формула бойынша есептеледі:


$$(\pm x + y) = n$$

мұндағы: $\pm x$ -стейкхолдердің қолдау/ қарсылық дәрежесі, y - стейкхолдердің әсер ету күші, n -мүдделі тараптың маңыздылығы.

19. Әрбір стейкхолдермен өзара іс-қимыл стратегиясын, сондай-ақ ықпал ету құралдарын қызметтің ерекшелігіне қарай Компанияның құрылымдық бөлімшелері дербес айқындайды.

20. Мүдделер кестесіндегі және стейкхолдерлердің өзара іс-қимылындағы мәндер қажеттілігіне қарай өзара іс-қимыл стратегиясын іске асыруға байланысты өзгеруге (статикалық емес) жатады. Кесте көрсеткіштерінің өзгеруі негізінде стейкхолдер картасының көрсеткіштері жаңартылады.

Компанияның стейкхолдерлер картасы



Стейкхолдерлердің Компания мүддесіне әсері

Стейкхолдерлер	Компанияның мүддесіне әсер ету дәрежесі					
	Стратегиялық басшылық және даму	Операциялық қызмет	Нормативтік реттеу	Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару сапасы	Операциялық нәтижелер	Беделі
Өкілеттік/ жауапкершілік саласы						
Жалғыз акционер	*		*			*
Басқару органы	*	*	*	*	*	*
Атқарушы орган	*	*	*	*	*	*
Қызметкерлер	*	*			*	*
Тікелей әсер ету аймағы						
Мемлекеттік органдар	*				*	*
Жергілікті атқарушы органдар	*	*	*		*	*
Серіктестер / Инвесторлар	*			*	*	*
Қаржы институттары		*	*	*	*	
Жеткізушілер		*	*		*	
Клиенттер, тұтынушылар		*	*		*	
Аудиторлар						*
Консалтингтік ұйымдар	*	*		*		
Жанама әсер ету аймағы						
Халық	*	*			*	
Қоғамдық бірлестіктер						*
Бұқаралық ақпарат құралдары						*
Сарапшылар мен талдаушылар		*		*		*
Бәсекелестер	*	*	*	*	*	*

Ескерту:

* әсер етудің жоғары дәрежесі	*	* төмен әсер ету дәрежесі	*	* қызығушылықтың жоғары деңгейі
-------------------------------	---	---------------------------	---	---------------------------------

Стратегиялық даму

- мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын / тұжырымдамаларын қабылдау, Компанияның стратегиялық құжаттарын әзірлеу және бекіту арқылы Компанияның ұзақ мерзімді басымдықтарын, стратегиялық даму бағыттарын айқындау

Операциялық қызмет

- Компаниядағы тұрақты, стандартты процестерді басқару бойынша тұрақты күнделікті қызмет

Нормативтік реттеу

- Компания қызметінің қандай да бір тараптарына тікелей немесе жанама әсер ететін нормативтік актілерді қабылдау

Жобаны басқару сапасы

- жобаларды басқару бойынша қызметтер көрсетуде Компания қызметкерлері мен атқарушы органының құзыреттілігі мен тиімділігі дәрежесі

Операциялық нәтижелер

- Компанияның операциялық қызметі тиімділігінің сандық көрсеткіштері

Беделі

- сапалары, артықшылықтары мен кемшіліктері туралы қалыптасқан қоғамдық пікір

Стейкхолдер мүддесі мен өзара әрекеттесу кестесі

№	Мүдделі тараптардың (топтардың) тізімі	Стейкхолдердің маңызы <i>қолдау дәрежесі/ (қарсылық) + әсер ету күші</i>	Мүдделер/мотивтер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
1.	Жалғыз акционер	+5 + 5 = 10	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның Жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау. Стратегиялық мақсаттарға/көрсеткіштерге қол жеткізу 	<ul style="list-style-type: none"> Компания Жарғысы; Компанияның корпоративтік басқару кодексі; Дивидендтік саясат; Жалғыз акционердің шешімдері 	<ul style="list-style-type: none"> Компания қызметінің негізгі бағыттарын келісу; негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Жарғының, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы анық ақпарат ұсыну; жоспарлар, жетістіктер, қызмет мәселелері туралы қосымша мәліметтерді, сондай-ақ Компанияның қызметі туралы басқа ұйымдардың аналитикалық материалдары мен зерттеулерін ұсыну
2.	Басқару органы	+5 + 5 = 10	<ul style="list-style-type: none"> Органның құзыретіне жататын Компания қызметіне жалпы басшылық жасау. 	<ul style="list-style-type: none"> Жарғы; Компанияның ішкі нормативтік құжаттары 	<ul style="list-style-type: none"> Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда Компанияның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, негізгі қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау. Компания қызметіне жалпы басшылық жасау. Қызметтің стратегиялық бағыттарын анықтау.
3.	Атқарушы орган	+5 + 4 = 9	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық жасау. Компанияның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау. 	<ul style="list-style-type: none"> Жарғы; Компанияның ішкі нормативтік құжаттары 	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау. Даму жоспарын және Компания қызметіне қатысты басқа да мәселелерді дайындау және іске асыру. Компанияның жедел қызметіне басшылық жасау.

№	Мүдделі тараптардың (топтардың) тізімі	Стейкхолдердің маңызы <i>қолдау дәрежесі/ (қарсылық) + әсер ету күші</i>	Мүдделер/мотивтер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
4.	Қызметкерлер	+5 + 4 = 9	<ul style="list-style-type: none"> • Мансаптық өсу • Жоғары жалақы • Әлеуметтік қамсыздандыру (медициналық сақтандыру, жыл сайынғы ақылы демалыс) • Кәсіби даму 	<ul style="list-style-type: none"> - Еңбек Кодексі - Еңбек шарттары (азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар) - Ұжымдық шарт 	<ul style="list-style-type: none"> - Қызметкерлерді электрондық пошта арқылы бос орындар мен корпоратившілік конкурстар туралы хабардар ету. - Жыл сайынғы демалыс кестесін құру. - Қызметкерлер үшін мәдени корпоративтік іс-шараларды (тимбилдинг және т.б.) қалыптастыру және өткізу. - Қызметкерлерді оқытуды және/немесе олардың дағдылары мен құзыреттерін арттыруды сүйемелдеу. - Еңбек даулары туындаған жағдайда шешу үшін Келісу комиссиясының болуы. - Компанияның міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау. - Ашық, айқын, білікті және уәжді персоналды қалыптастыруға бағытталған кадр саясатын жүргізу. - Барлық қызметкерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру, олардың нәтижелерін әділ және ашық бағалау үшін тең мүмкіндіктер беру, қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде іріктеу және мансаптық өсу.
5.	Мемлекеттік органдар/	+5 + 5 = 10	<ul style="list-style-type: none"> • Салық түсімдері • Экономикалық өсу • Халықты жұмыспен қамту/ жаңа жұмыс орындарын құру • Әлеуметтік мәселелерді шешу 	<ul style="list-style-type: none"> - Заңдар - әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламалары / Тұжырымдамалары - нормативтік реттеу - ресми сұраулар 	<ul style="list-style-type: none"> - Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу. - Компания қызметінің негізгі бағыттарын келісу. - Іскерлік хат алмасу және/немесе сұрауларға жауап дайындау. - Есеп беру.
6.	Жергілікті атқарушы органдар	+5+5=10	<ul style="list-style-type: none"> • Халықты жұмыспен қамту/ жаңа жұмыс орындарын құру • Әлеуметтік мәселелерді шешу 	<ul style="list-style-type: none"> - Меморандумдар - шарттар 	<ul style="list-style-type: none"> - Жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу. - Іскерлік хат алмасу және/немесе сұрауларға жауап дайындау. - Кеңестерге, форумдарға, конференцияларға қатысу.
7.	Серіктестер	+3+3=6	<ul style="list-style-type: none"> • Коммерциялық мүдделер • Өзара тиімді ынтымақтастық 	<ul style="list-style-type: none"> - Шарттар - Келісімдер - өзара түсіністік туралы меморандумдар 	<ul style="list-style-type: none"> - Өзара тиімді ынтымақтастық, технологиялық процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. - Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.

№	Мүдделі тараптардың (топтардың) тізімі	Стейкхолдердің маңызы <i>қолдау дәрежесі/ (қарсылық) + әсер ету күші</i>	Мүдделер/мотивтер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
8.	Инвесторлар	+3+3=6	<ul style="list-style-type: none"> • Пайда табу мақсатында инвестициялау 	<ul style="list-style-type: none"> - Меморандумдар - шарттар. 	<ul style="list-style-type: none"> - Жобаларды және негізгі қызметті іске асыру үшін инвестициялар тарту.
9.	Клиенттер	+4+5=9	<ul style="list-style-type: none"> • Өлеуметтік мүдделер / коммерциялық мүдделер 	<ul style="list-style-type: none"> - Шарттар 	<ul style="list-style-type: none"> - Корпоративтік сайтта Компания және оның қызметі туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру. - Іскерлік хат алмасу, (әлеуетті) клиенттермен кездесулер өткізу. - Компанияның өнімдері мен қызметтерін сатып алушылардың күтулеріне сәйкес келуін қамтамасыз ету. - Шарттар жасасу, орындалуын бақылау - Қаржылық жағдайдың мониторингі (егер клиент Компанияның қарыз алушысы болып табылса)
10.	Бәсекелестер	-3+4=1	<ul style="list-style-type: none"> • Нарықтағы қатысу үлесін арттыру 	<ul style="list-style-type: none"> - Негұрлым дамыған және жаңа технологияларды қолдану; - Активтердің өсуі; - Баға бәсекелестігі; - Белсенді жарнама саясаты; - Нарықты маркетингтік зерттеу. 	<ul style="list-style-type: none"> - Маркетингтік зерттеулер жүргізу. Нарықты бақылау және талдау; - Корпоративтік басқару кодексiне, Компанияның iскерлiк этика кодексiне сәйкес адал бәсекелестiк қағидатын ұстану.
11.	Қаржы институттары	+2+4=6	<ul style="list-style-type: none"> • Депозиттік шоттарда бос ақша қаражаттарын орналастыру, арнайы шоттарға қызмет көрсету 	<ul style="list-style-type: none"> - Шарттар. - Қызметкерлердің біліктілігі мен кәсібилігі. 	<ul style="list-style-type: none"> - Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. - Қаржылық көрсеткіштерді жақсарту.
12.	Жеткізушілер	+3+4=7	<ul style="list-style-type: none"> • Коммерциялық мүдделер 	<ul style="list-style-type: none"> - Шарттар. 	<ul style="list-style-type: none"> - Сатып алуға қатысу; - Кездесулер өткізу, іскерлік хат алмасу; - Шарттар жасасу; - Шарттық міндеттемелердің тиісінше орындалуын бақылау.
13.	Халық	+2+4=6	<ul style="list-style-type: none"> • Компания қызметінің ашықтығы 	<ul style="list-style-type: none"> - Қоғамдық пікір. - Жоғары тұрған және реттеуші органдарға, 	<ul style="list-style-type: none"> - Компанияның корпоративтік сайтында өзекті жария ақпаратты орналастыру, оның ішінде өз қызметі туралы қаржылық және қаржылық емес есептілікті жариялау.

№	Мүдделі тараптардың (топтардың) тізімі	Стейкхолдердің маңызы <i>қолдау дәрежесі/ (қарсылық) + әсер ету күші</i>	Мүдделер/мотивтер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
				БАҚ құралдарына өтініштер.	<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік жауапкершілік, қызметтің ашықтығы және тұрақты даму қағидаттарына практикалық міндеттемені көрсету; жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға ұмтылу. - Жеке тұлғалардың өтініштеріне уақтылы ден қою. - Беделді аудит, қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу, PR стратегиясын іске асыру.
14.	Қоғамдық ұйымдар	+1+3=4	<ul style="list-style-type: none"> • Қоғамдық ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру. 	<ul style="list-style-type: none"> - Шарттар - келісімдер - өзара түсіністік туралы меморандумдар 	<ul style="list-style-type: none"> - Қайырымдылық пен демеушілікті жүзеге асыру. - Жалпы мәселелер бойынша өзара келісім. - Қауымдастықтармен және бірлестіктермен бірлескен іс-шаралар өткізу.
15.	Бұқаралық ақпарат құралдары	+2+4=6	<ul style="list-style-type: none"> • Сындарлы ынтымақтастық 	<ul style="list-style-type: none"> - Компанияның қызметі туралы жарияланымдар мен ақпараттандыру 	<ul style="list-style-type: none"> - Ақпараттық қызметті ұйымдастыру; - PR бағдарламаларын іске асыру; - Мақсатты аудиторияға Компанияның мықты жақтары мен мүмкіндіктерін жеткізу; - Позитивті қоғамдық пікір құру; - Ақпаратты сенімді, тұрақты, үздіксіз және уақтылы беру арқылы Компания қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету; - Компания бренді танымалдығын қолдау; - Компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша қызмет нәтижелерін жұртшылыққа ұсыну.